

Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік
рәміздерінің 30 жылдығына арналған
**«МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕР ЖӘНЕ ҰЛТ
АРХИТЕКТУРАСЫ»**

атты халықаралық ғылыми конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ
30 наурыз 2022 ж.

МАТЕРИАЛЫ
международной научной конференции
**«ГОСУДАРСТВЕННЫЕ СИМВОЛЫ И НАЦИОНАЛЬНАЯ
АРХИТЕКТУРА»**
посвященной 30-летию Государственных символов
Республики Казахстан.
30 марта 2022 г.

MATERIALS
of the international scientific conference
«STATE SYMBOLS AND NATIONAL ARCHITECTURE»
dedicated to the 30th anniversary of the State symbols
of the Republic of Kazakhstan.
30 March, 2022

НҰР-СҰЛТАН
NUR-SULTAN

УДК 001
ББК 72
Қ.18

Қ.18 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерінің 30 жылдығына арналған «МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕР ЖӘНЕ ҰЛТ АРХИТЕКТУРАСЫ» атты халықаралық ғылыми конференциясының материалдары/Материалы международной научной конференции «ГОСУДАРСТВЕННЫЕ СИМВОЛЫ И НАЦИОНАЛЬНАЯ АРХИТЕКТУРА» посвященной 30-летию Государственных символов Республики Казахстан/ Materials of the international scientific conference «STATE SYMBOLS AND NATIONAL ARCHITECTURE» dedicated to the 30th anniversary of the State symbols of the Republic of Kazakhstan – Нұр-Сұлтан: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ баспасы, 2022.– 306 б. - қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде.

ISBN 978-601-337-649-3

Жинаққа ғалымдардың, докторанттардың, магистранттардың, студенттердің жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелеріне, сондай-ақ этноархитектура саласындағы ғылыми зерттеу нәтижелері және сәулет пен құрылыстағы жалпы проблемаларға арналған баяндамалары енген.

The proceedings are the papers of researchers, doctoral students, undergraduates and students on topical issues of natural and technical sciences and humanities also the results of scientific research in the field of ethnoarchitecture and general problems in architecture and construction.

В сборник вошли доклады ученых, докторантов, магистрантов и студентов по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук, а также результаты научных исследований в области этноархитектуры и общих проблем архитектуры и строительства.

**УДК 001
ББК 72**

ISBN 978-601-337-649-3

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2022**

I СЕКЦИЯ. ЭТНОСӘУЛЕТ

СЕКЦИЯ I. ЭТНОАРХИТЕКТУРА

SESSION I. ETHNIC ARCHITECTURE

УДК 7.071.1

ТЕКТІЛІКТЕН «ОЙТЕК»-ке ЖАНДАРБЕК МӘЛІБЕКҰЛЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖОЛЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ЕРЕКШЕЛІГІ

Дүйсебаев Ұ. Д.

kairbek_du@mail.ru

Архитектура кандидаты, доцент Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті,
Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Еліміздің Елтаңбасының авторы, белгілі архитектор, Өзбекстан Республикасына еңбегі сіңген архитектор, Қазақстан сәулет өнеріне үлкен үлесін қосқан қайраткер, қазіргі кезде университетіміздің «Сәулет» кафедрасының профессоры Жандарбек Мәлібекұлының ірі шығармашылық тұлға болып қалыптасуының негізі неде деген сұрақ қызықтырады және ойландырады. Себебі, талантты тұлғаның творчестволық жолы, жалпы творчестволық қауымға, әсіресе жаңа буын сәулетшілерге өнеге болар тәрбиелік маңызы өте мол.

1. **Балалық шағы.** Жандарбек Мәлібекұлы 1942 жылы, Сырдарья бойында Екпінді деген теміржол бекетінде, теміржолшының отбасында дүниеге келеді. Балалық шағы екінші дүние жүзі соғысынан кейінгі күрделі жағдайда өтеді. Солай бола тұра, қазақи ауыл қауымына тән өзіндік мәдениет, тектілік қасиеттері оның санасының қалыптасуыны әсер етеді.

Ауыл балаларымен жиі-жиі асыр салып ойнайтын жерінің бірі, қазақ хандығының бір кездегі астанасы болған, іргелес жатқан, Сығнақ қаласының орны. Оның балаларды тартып тұратын ерекше қасиеті болатын. Қалқиып тұрған қала қорғанының қалдықтары, сәл байқалатын иілген қала көшелерінің іздері, шөгіп қалған үйлердің қабырғалары, олардың арасында ара-тұра кездесетін қыш кірпіштен салынған, кезінде еңселі ғимараттардың орындары ғажап бір көңіл-күй тудыртын орта болатын. Ойын балаларының тағы бір қызығатындары – осында табылатын асық-сақалар. Кәдімгі қазақ балалары, өздері егеп, қорғасын құйып жасайтын сақалар. Бірақ бұл сақалар ерекше үлкен (архарлардың асықтарынан болу керек) және түрлі-түсті болатын. Кейде алтыннан жасалған сақалар да шығып қалатын. Ал тұрмыстық бұйымдардың сынықтары аяқ астында көптеп шашылып жататын. Олардың көркемдігі, көне ғимараттардың кірпіштен шеберлікпен өрілген конструкциялық фрагменттері, бояуы көмескіленбеген түрлі-түсті глазурьмен әрленген кірпіштері әсемдігімен сол кездің өзінде-ақ жасөспірімге ерекше әсер қалдыратын.



Сыгнақ. Кіріберіс қақпасының фрагменті Сыгнақ мешітінің қалдығы

Қарындаш ұстай алатын шағынан бастап сурет салу бас көтермей шұғылданатын әдетіненің біріне айналады. Теміржол бойында тұрғандықтан паровозды салу аса бір сүйіп, бейнелейтін нысандарының бірі еді. Оны айнытпай салу, бір жағынан, техникалық эстетикасын түсінуге бейімдесе, екінші жағынан, бұл техника бөліктерінің өзара үйлесімділігі көзін пропорциялық қарым-қатынас заңдылықтарына дағдыландырады (бұл болашақ сәулетшінің осы кезден-ақ көркемдік талғамының қалыптасуына себепші болғанын көрсетеді). Әрине, бұнымен шектеліп қоймай табиғат көріністерін, жан-жануар дүниесін де қызыға салатын. Ал, мектепте барлық қабырға газеттерінің және басқа да әрлеу жұмыстарының белсенді орындаушысы болды. Жәкең, анасынан бес жасында, әкесінен онбес жасында айрылады. Сондықтан, мектептің соңғы кластарын Төменарық станциясындағы интернатта оқып бітіреді. *Мектепті бітіргенге дейінгі кезеңдер жасөспірімнің ұлттық санасын, еңбекке деген ынтасын және дүниеге деген көркемдік көзқарасының негізін қалыптастырады.*

2. **Студенттік кезі.** Мектепті бітірер кезінде «Пионерская правда» газетінің бір номерінен, Ташкент қаласындағы көркемсурет училищесі абитуриенттер қабылдайтынын оқиды. Осы оқу орнына барып түсуге бекем бел буады.

1959 жылдың жазында Ташкентке жетеді. Бірақ өкінішке орай, бұл училищеге құжат тапсыру мерзімі өтіп кеткен екен. Жолы болып, сондағы политехникалық институттың архитектура факультетінде де сурет салатынын және түсуге құжат қабылдау әлі де жүріп жатқанын естиді. Мұнда да сурет салуға болатындығы ұнайды. Нәтижесінде шығармашылық емтиханда мамандық пәндерден үздік бағаларға тапсырып оқуға түсіп кетеді.

Соғыстан кейінгі жағдайға байланысты, бірінші курстан бастап үшінші курсты бітіргенше, студенттер күндіз сағат сегізден кешкі беске дейін құрылыста жұмыс істеп, кешке сағат жеті жарымнан он жарымға дейін институтта сабақ өтетін. Оқу процессінің осылай құрылыс практикасымен астасуы, ауылдан келген бала үшін, архитектураның не мамандық екенін тез арада түсінуге және қызығушылық тудыруына жақсы көмегі болды.

Жәкең, кезінде грециядан жер аударылған грек адамдарынан тұратын құрылыс бригадасына жұмыс істейді. Бригадирі Сумилидис жұмыс арасында классикалық құрылыс өнері, мифологиясы туралы жиі әңгіме айтатын. Грецияның әлемге белгілі Парфеноны, антикалық амфитеатрлары, көне Афины қаласы және де басқа да бірегей архитектуралық нысандарының тарихын қызықтыра айтатын. Олардың конструкциялық және декоративтік элементтері: портал, карниз, антаблемент, капитель және тағы басқа элементтері жайлы осы жерде бірінші естіп, архитектураға деген қызығушылығын оятады. Ал кешке институтта сол құрылыс басында естігендерін енді теориялық тұрғыдан өтіп және графикалық түрде сызып классикалық архитектураның көркемдік сырларын санасына терең сіңіре бастайды.

Архитектура кафедрасы мүшелерінің басым көпшілігі Москва, Ленинград қалаларынан жіберілген өте білікті мамандар болатын. Олардың ішінде сол кездегі теорияшылар мен тәжірибелі архитекторлар: Воронин Н.Н., Архангельский В.А., Нильсен В.А. және тағы басқа да профессорлар болатын. Студент Мәлібеков 1-ші курстың басынан бастап-ақ өзінің еңбекқорлығымен және жақсы сызып, сурет сала алатындығымен көзіге түсе бастайды.

1961 жылы алтын кен орындарын игеруге байланысты жаңа кенттің бас жоспарын жасау мәселелері көтерілген болатын. Соған байланысты, ұстаздар да конкурстық жобалар жасауға белсенді қатысты. Жобалар жетекшілерінің бірі профессор Архангельский В.А. үшінші курс студенті Мәлібековты осы жұмысты орындауға тартады. Жетекшілікпен істеген бұл қаласалу жұмысы жоғары баға алады. Осы жобаның негізінде ғылыми жұмыс жасаған ұстазының аспиранты, зерттеу нәтижесін Кубада баяндап лауреат атағына ие болады. Кейінірек, оқу бітіргеннен кейін Жәкең осы өзі жасаған жоба бойынша, Жизақ қаласының маңынан «Маржанбұлақ» деген аудан орталығының кентін құрады. Студенттің мұндай жобаға қатысып істеуі, оның нағыз мамандық мектебінің алғашқы сатысынан өтуі еді.

Студент Мәлібеков жергілікті дәстүрлі сәулет өнерін де жақсы түсінуге практикалық сабақтарда белсенді түрде еңбек етті. Каникул кездерінде елге қайтпай, ұстаздарының ғылыми жұмыстарына көмектесіп, тарихи ғимараттар кешенін өлшеп, зерттеп қағазға

түсіреді. Орта Азия сәулет өнерінің тарихын, көркемдігін, өзіндік ерекшеліктерін терең түсінуге бұл үлкен тәжірибе болды. Осы жасаған материалдарының негізінде ұстазының бірі ғылыми жұмыс қорғады.

Әрине, студенттің маман боп қалыптасуына білікті ұстаздардың ролі өте үлкен екені анық, бірақ оны өзінің ынтасы, талпынысы, табиғи таланты болмаса, ол өмірде жақсы маман болып шықпайтын еді. Жоғарыда айтылғандай, кейіпкеріміздің балашағындағы бойына сіңірген ұлттық дәстүрі, мәдениеті, еңбекқорлығы, студент шағындағы оқуға беріліп еңбектенуі, маманыдығына деген қызығушылығын оята білуі, алдағы нәтижелі еңбегінің іргетасы болғанын байқаймыз.

3. **Профессионалдык еңбек кезеңі.** 1965 жылы Орта Азия политехникалық институтын (САЗПИ) архитектура мамандығы бойынша бітіріп шығады. Сол кезден бастап творчестволық еңбек жолы Өзбекстанның басты қаласалу ғылыми-жобалау институтынан (әуелі УзГоспроект, кейін УзНИИП градо) басталады. Бұл мыңнан астам қызметкерлерден тұратын мекеменің қабырғасында, қатардағы архитектор-орындаушыдан бастап, архитектор, жобаның бас архитекторы, жоба шеберханасының жетекшісі, институт бөлімінің жетекшісіне дейін өсіп, республика деңгейіндегі жауапты қаласалу және архитектуралық кешендерді жобалудың білікті маманы болып қалыптасты.

Жәкеңнің кеңестік Өзбекстан сәулет өнеріне қосқан үлесі ұлан ғайыр. Мысалы, онжеті жыл бойы Самарқанд қаласының бас жобасын тұтастай алып жүрді. Нақтырақ айтасак, бүкіл қала ауданының егжей-тегжейлі жобасы (ПДП), көптеген көшелерін қайта құру, қала орталықтарын қалыптастыру, қоғамдық ғимараттар мен тұрғын массивтерін жобалау және т.т. болды [1]. Аса архитектуралық құндылығымен ерекше туындысы болған – «Хамид Алимжан атындағы музыкалық театр» жобасын жасап оның құрлысын қадағалау. Самарқандтан басқа да Шыршық, Ангрен, Ахангерен, Алмалық, Андижан, Ферғана қалаларының бас жоспарлары бойынша көптеген қоғамдық ғимараттар мен тұрғын аудандарды жобалады.

Әлем тәжірибесінде болмаған сәулеттік-инженерлік жоба авторының бірі де болды. Мәселе - сейсмикалық жағдайда және тереңдігі 20 метр шөгінді топрақтың үстіне тоғыз қабатты панельді үйлер кешенінің жобасын жасап, оларды іс жүзіне асыру еді. Осыған байланысты Самарқанд қаласының тарихында болмаған алғаш рет көпқабатты үйлерді күрделі геологиялық жағдайда жобалайды. Бұл күрделі жоба шешімін іске асыру үшін оны 1980 жылы Москвада, негіздер мен фундаменттер экспертизасы институтында қорғап сараптамадан өткізеді. Осы кезден бастап Самарқанд қаласында көп қабатты үйлерді құруға жол ашылды.



Өзбекстан бойынша жобалық және конкурстық жұмыстар. Ташкент

Осындай белсенді творчестволық еңбектерінің арқасында ол Орта Азияның, оның ішінде Өзбекстанның көне және заманауи құрылыс өнерінің принциптерін жетік меңгерді. Анау Александр Македонский, парсы-соғды, араб, көне түркі кезеңдерінен бастап мұндағы қалалар қалай қалыптасты, тұрғындардың этникалық құрамы қандай болды, осының бәріне кейіпкеріміз қызығушылық танытты. Әрине, бұл өңірдің мәдениетінің қалыптасуы әуелі ауа-

райының жылылығы, жерінің құнарлығы, суының молдығы, халықаралық «Жібек жолының» бойында болуы бірден-бір себеп болғаны белгілі.

4. **Ойтекке бағыт.** Орат Азия өркениет өнерін, архитектурасын жақсы таныған, зерттеген ол енді өзінің туған жері - қазақ даласының бұл тұрғыдан жағдайы қалай, осындай ірі елді мекендер неге қалыптаспаған деген сұраққа жауап іздейді. Шетте жүрсе де қазақ тарихын, өнерін, жер ерекшелігін, шаруашылығын зерттеуді қолға алады. Көп жылдық тәжірибесі мен теориялық жұмыстарының қортындысы – 1992 жылы 300-ге жуық конкурстық жұмыстардың ішінен жеңіп шыққан Елтаңба нұсқасында лайықты орын тапты [2].

Автор елтаңбада халықтың сақ дәуірінен келе жатқан тарихын, төл мәдениетін, философиясын, арманын және алда болатын бақытты болашағын таңба тілімен сөйлеткізе отырып, осы шоғырланған ақпаратты асқан шеберлікпен геральдикалық мүсінге айналдырды. Бұл мемлекетіміздің образын бүкіл әлемге паш ететін, өте жоғары дәрежеде жасалынған көркем туынды болып танылды. Елтаңбадағы негізгі идея да – тектілік. Тектілік қазақ қоғамына тән ұрпақтан-ұрпаққа ұласатын асыл қасиет болып саналады. Бұл тарихи сабақтастық, ұлттық мәдениет, рухани дәстүр, мейірімділік, қайырымдылық, отаншылдық, тұтастық. Осының бәрі шаңырақ, уықтар, қанатты тұлпар, жұлдыз т.б. элементтердің абстракцияланған композициялық біртұтастығымен сомдалған. Жандарбек Мәлібекұлының тәуелсіз қазақ елінің тарихында алтын әріппен жазылып қалатын ерен еңбегі – Елтаңба.

Тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдары, оған тәжірибелі архитектор ретінде, Қазақстанның Өзбекстандағы елшілігінің ғимарат жобасы мен құрылысын басқару тапсырылады. 1993-1994 жылдары бұл жұмысты аброймен атқарып шыққан еді. Осы кезде қазақ тарихы мен архитектурасына байланысты жасаған еңбегінің тағы біреуі - Ташкенттегі Төле би кесенесін қалпына келтіру жұмыстары болды. 18-ші ғасырдан бері бұл ескерткіш «Қалдырғаш би» боп аталынып келген болатын. Жұмыс барысында, бабамыздың кесенесінің дұрыс атауын қайтару үшін күш салады. Өзбекстан Өнертану институтының академиктері Пугаченкова Г.А., Захидов Т.З. сияқты үлкен ғалымдардың алдында бұл ескерткішті «Төле би» кесенесі деп атауды дәлелдеп, мандайшасындағы тақташасына дұрыс атауын жаздыртады. Сонымен қатар, кесенеге іргелес жерден Төле би атындағы мешіттің жобасын құрып оның да салуын қадағалайды.



Төле би кесенесі. Ташкент қаласы «Төле Би» аты жазылған тақташа Төле би мешіті. Ташкент қаласы

Көпжылдық тәжірибесі мен ізденіс жұмыстарының нәтижесінде, ол қазақ дала өнерінің Орта Азия архитектурасынан да ерте басталғанына көзі жетеді. Оған негіз болған қазақстан жерінде табылып және зерттелген құнды археологиялық материалдар: Ботай (б.з.б. 3700-3100 жж.), Арқайым (б.з.б. 2000-1600 жж.), Беғазы-Дандыбай (б.з.б. 900-800 жж.), Түгіскен (б.з.б. 900-800 жж.), Тасмола, Бесшатыр (б.з.б. 700-300 жж.) және де басқада көне мәдениет орындары. Сақ дәуірінің мәдениеті де жоғары дамыған әйгілі грек антикасының өнері деңгейінен кем болмаған екендігімен танысады. Қазақстанның түпкір-түпкірінен табылған «Алтын адамдар» (қазір оның саны сегізге жетті), сақ дәуірінің «Аң стилі» атты қолданбалы өнері осының дәлелі. Киізүй - әлемде теңдесі жоқ мобильді құрылым. Оны жік-жікке талдап тұрақты (стационарлық) архитектураға өткен ықпалын да тапты. Өзі балашағында көріп өскен, Төменарық теміржол бекетінен бес шақырым жердегі, іргесінде асыр салып ойнаған «Көк кесене» ескерткішінің сәулетіне енді ғылыми тұрғыдан қарап қызықты тұжырымдарға келеді.

Мысалы, кесененің көлемдік-жоспарлық, сәулеттік-көркемдік және әрлеу әдістері Самарқандағы «Гур-Эмир» кешенесіне негіз болғанын байқайды. Жалпы Қазақстан мен Орта Азия архитектурасының көптеген ортақ байланыстарын да табады. Осындай, өзіндік сипаты бар Ұлы Дала өркениетінің әлемдік деңгейдегі туындыларын сараптау еңбектері ғылыми ізденістермен шұғылдануға шабыт береді.


5. **Ұстаздық ету кезеңі.** Л.Н. Гумилев атындағы Еуразиялық Ұлттық Университетіміздің «Сәулет» кафедрасында бірге жұмыс істеу барысында, әріптесіміздің сәулет өнерінің нағыз қас шебері екеніне көзіміз жетті. Оған дәлел авторлық жобалары: қаламыздағы Нұр-Астана мешіті, Нейрохирургия кешені, «Алатау» тұрғынүй кешені, университетіміздің Сәулет-құрлыс факультетінің оқу корпусы, ЭКСПО-2017 концептуальдық жобасы, Түркістан қаласының жаңа орталығының концепциясы, астанаға арналған «Шығыс қаласы» тұрғын ауданының конкурстық жобалары мен басқада көптеген туындылары. Көптеген конкурстық жобалардың лауреаты. Мұндай ірі творчестволық жұмыстарда жанындағы студент-шәкірттерін сәулет өнеріне баулып отыратын ұжымымыздағы ең тәжірибелі архитектор деп білеміз. Жандарбек Мәлібекұлы жұмыс үстінде күрделі симфониялық музыка композиторы іспетті көрінеді. Оның қолында небір жеке геометриялық пішіндер, гармониялық заңдылықпен көркем үйлесіп, қаласалу немесе архитектуралық нысандарға айналалып шыға келеді.




Жобалық және конкурстық жұмыстар. Астана

Сонымен қатар, профессор Мәлібекұлы университетіміздің сәулет кафедрасында профессионалдық және теориялық жұмыстарының нәтижесінен, өзі ұйымдастырған «этноархитектура» сабағында, студенттерге дәріс оқиды. Ұлттық архитектураның тарихымен таныстырып, болашағын болжауға баулиды. Орта Азия мен Қазақстан архитектурасының қыр-сырын жетік меңгерген маман ретінде енді қазақ ұлттық сәулет өнерінің өзіндік «Ойтек» сәулеттік стилін қалыптастыруда [3]. Ойтек - «ой» және «тек» сөзтіркестерінен құралған. Бұл стильдің философиялық негізін меңзейді. Яғни, жаңа қазақ архитектурасы әуелі ұлт

философиясы мен оның тектілігіне сүйенеді деген сөз. Мұндағы мақсат, жергілікті жердің архитектуралық ерешеліктерін тауып, жаһандану (халықаралық) стиліне қарсы қоя білу. «Ойтек» архитектура стилінің теориялық мәселелері халықаралық Scopus журналдарында және басқа да басылымдарда жарияланып жүр.



«Ойтек» стилінің концепциялық эскиздері



250 метрлік «Астана» мұнарасының «Ойтек» эскизі

Тектілік рухы, ата тектен қан арқылы, тәрбие арқылы беріліп отыратын қасиет, сол қасиеттің талантты тұлға қызметі арқылы игілікке айналуы.

Ж. Мәлібекұлы Ұлы Дала сәулет өнер дәстүрінен бар тектілікті зерттеп тауып, жаңа архитектурамызда қолдану жолында. Сол жолда сәттілік тілейміз!

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Мәлібекұлы Ж. жеке архивінен.
2. Мәлібекұлы Ж., Қазақстан Елтаңбасы. Герб Казахстана. State Emblem of Kazakhstan/ – Астана, 2017. – 348 б.
3. Zhandarbek Malibekuly, A new style of architecture for Kazakhstan – Oitegi. World Transactions on Engineering and Technology Education □ 2018 WIETE Vol.16, No.3, 2018